

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты диссертациялық жұмысына

## ПІКІР

XXI ғасыр лингвисттерінің назарында жүрген бірден-бір мәселе – бұқаралық ақпарат құралдарының оқырман аудиториясына тигізер когнитивті-психологиялық әсері. Өзектілігі жөнінен ұтымды тақырып таңдаған диссертант Адырбекова Мауе Колибаевна өз ғылыми жұмысында медиакоммуникацияның көне түрі – газет дискурсына лингвомәдени және лингвопрагматикалық талдау жүргізген. Зерттеуші публицистика қызметін ақпараттандырудың қарапайым және әрбір оқырманға қолжетімді түрі ретінде анықтай отырып, оның әлеуметтік өмірдің сұранысына қарай өзгеріп, жетілуін газет дискурсының өзіне ғана тән икемділігі деп түсіндіреді. Дамыған технология мен тұрақсыз оқырмандық талғамнан қалыспастан, жаңалықтар қатарын күнделікті жеткізіп отыратын газет бүгінде ел көкейінде жүрген елеулі оқиғалар мен жауапсыз сұрақтардың шешімін табуға әрекет ететін бірден-бір қызмет саласы. Оған жүргізілген әрбір талдау мерзімді басылымның тілдік сипаттамасын беріп қана қоймай, сонымен қатар әрбір қоғамның тыныс-тіршілігінен ақпарат жинап, концептуалдық ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Газет дискурсын қандай мәселеге байланысты қарастырса да, лингвистикалық талдау нәтижелерінің түп мәні автор мен оқырманның және оқырман мен ақпараттың байланысына келіп тірелетінін білген диссертант мерзімді басылым қызметін сол оқырманға когнитивті-психологиялық түрде әсер етуге бағытталған иландыру коммуникациясы тұрғысынан талдауды мақсат еткен.

Шетел лингвистикасында дискурс пен мәтін тұрғысынан кеңінен зерттеліп жүрген персуазивті коммуникация отандық тіл ғылымына соңғы уақытта келсе де, әлеуметтік желілер мен ақпараттық хаостың әсерінен аз мерзімде өзекті мәселеге айналған. Баспасөздің авторға, автордың оқырманға бағытталған коммуникативтік ниеті мақсатты түрде әзірленген жаңалық материалынан айқын байқала бермейді. Бірде астыртын, бірде ашық түрде қолданылатын иландыру коммуникациясы өзіне тән арнайы коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды ұтымды қолдану арқылы жүзеге асады. Медиа кеңістікте дискурстың өзге салаларында персуазивті коммуникацияға біршама зерттеу жүргізілген болса да, газет дискурсындағы нәтижелер аздық етеді. Тіпті нақты ағылшын және қазақ тілді газет дискурсын қатар зерттей отырып, ондағы иландыру коммуникациясына сипаттама беруші отандық ғылыми жұмыстың анықталмағандығы бұл мәселенің заманауи зерттеушілер үшін әлі де беймәлім ұғым екенін аңғартады. Иландыру коммуникациясын тілдің

ерекше ментальді категориясы деп атаған Адырбекова Мауе Колибаевна бұл анықтаманы шетелдік лингвисттердің еңбектерін негізге ала отырып берген. Демек, зерттеу жұмысының теориялық-әдістемелік негізі және алынған талдау нәтижелері аталмыш тақырыпта күрделі ізденіс жүргізіліп, құнды қорытынды жасалғандығын білдіреді. Ағылшын және қазақ тілді газеттерді өзара ұқсастықтары мен оқырман ауқымына қарай сараптаған диссертант ондағы материалдарды талдауда арнайы коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды қолданған. Нәтижесінде екі тілді лингвомәдениеттің ортақ қасиеттерін анықтаушы коммуникативтік стратегиялар қатары жеткілікті, ал ерекшеліктерін айқындаушы коммуникативтік стратегиялар жеткіліксіз деген тұжырымға келген. Мерзімді басылымға шетелдік және отандық газет дискурсы тұрғысынан сипаттама беру ондағы бар әлеуметтік, мәдени, рухани және ментальдік айырмашылықтардың мәнін анықтауға мүмкіндік береді. Медиакommunikация, журналистика, әсер ету теориясы, дискурстық талдау салаларында қажетті дерек бола алатын диссертациялық жұмыстың нәтижелері ағылшын және қазақ лингвистикасы үшін толықтай жаңалық болары анық. Себебі иландыру коммуникациясын зерттеуде қажетті коммуникативтік стратегиялар мен тактикалардың аражігін ажыратып қана қоймай, сонымен қатар өз тарапынан бірнеше коммуникативтік стратегиялар мен тактикаларды ұсынған диссертант үшін бұл үлкен ізденіс және күрделі зерттеу жұмысының нәтижесі екенін білдіреді. Нәтижелі жазылған ғылыми зерттеу жұмысына сыни көзқарас тұрғысынан оң баға беріп, диссертант өзіне қойған мақсатына толықтай жетті деп растаймын. Зерттеу жұмыс қорытындысының құндылығы, өзектілігі, ғылыми жаңалығы және теориялық-практикалық маңыздылығы шетелдік және отандық лингвистиканың медиадискурстық зерттеу саласына өзіндік үлесін қоса алады.

Адырбекова Мауе Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты диссертациялық жұмысы «Ғылыми Дәрежелерді Беру Қағидаларына» толық сәйкес келеді. Адырбекова Мауе Колибаевна «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**Пікір беруші:**

**Қазақ ұлттық қыздар  
педагогикалық университеті  
PhD, қауымд. проф. м.а.**

тел.: +7 707 472 81 35

e-mail: [zhalalova.akshay@qyzpu.edu.kz](mailto:zhalalova.akshay@qyzpu.edu.kz)



**А.М.Жалалова**